



Abilympics
Astana-2025

РОБОТОТЕХНИКА

Конкурс ережесі

Астана қ., 2025ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Басқаралшы

 Сүлейменова Б.А.

«__» _____ 2025 ж.



«БЕКІТІЛДІ»

Астана қаласы

Білім басқармасының басшысы

Сенғазыев Қ.С.
«__» _____ 2025 ж.

**«Робототехника» құзыреті бойынша Астана қаласының 16-21 жас аралығындағы
техникалық және кәсіптік білім беру колледждерінің студенттеріне арналған
«Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионатын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Робототехника» құзыреті бойынша «Abilympics Astana -2025» қалалық чемпионатын Астана қаласының білім басқармасы өткізеді;
- 1.2. «Робототехника» құзыреті бойынша «Abilympics Astana -2025» қалалық чемпионатының ұйымдастырушысы – «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ Жоғары колледжі;
- 1.3. «Робототехника» құзыреті бойынша «Abilympics Astana -2025» қалалық чемпионаты сапаны бағалай отырып, нақты тапсырмаларды орындауды көздейтін жарыс;
- 1.4. Байқау робототехника саласындағы қарапайым және қолжетімді тапсырмаларды орындауды қамтиды;
- 1.5. «Робототехника» құзыреті бойынша «Abilympics Astana -2025» байқауы Астана қаласының колледж студенттері арасында өткізіледі.

2. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Мүмкіндігі шектеулі студенттер арасында робототехника мамандығының беделін арттыру;
- 2.2. Болашақ маманның құзыреттілігін дамыту, «Робототехника» саласында практикалық дағдыларды арттыруға жәрдемдесу;
- 2.3. Мүмкіндігі шектеулі талантты студенттерге жұмыс берушілердің назарын аударту;
- 2.4. Жұмыс берушілерді өзара ынтымақтастыққа тарту.

3. ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

- 3.1. «Робототехника» құзыреті бойынша «Abilympics Astana -2025» қалалық байқауы **2025 жылғы 22 -23 мамыр күндері** Астана қ., Есенберлин к-сі, 25 «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ Жоғары колледжінде өтеді;
- 3.2. Өтінімдерді Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК worldskills.astana2025@astana-modern.edu.kz эл.пошта мекенжайы арқылы қабылдайды (1-қосымша).

4. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 4.1. «Робототехника» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионатына 22 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі студенттер қатысады;
- 4.2. Әрбір оқу орны немесе кәсіпорын осы құзырет бойынша бір ілеспе маман (сарапшы) бөледі, ол қалалық чемпионат сарапшыларының қатарына қосылады.

5. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 5.1. Қатысушылардың жасы 22 жастан аспауы керек;
- 5.2. «Робототехника» құзыреті бойынша «Abilympics Astana -2025» қалалық чемпионаты жеке біріншілік болып табылады;
- 5.3. Мүмкіндігі шектеулі студенттер ғана қатыса алады;
- 5.4. Барлық қажетті құрал-жабдықтармен ұйымдастырушылар қамтамасыз етеді;
- 5.5. Чемпионатқа қатысушының нөмірі жеребе арқылы анықталады және жұмыс орнының нөміріне сәйкес келеді;
- 5.6. Әрбір қатысушының өзімен бірге жеке куәлігі болуы міндетті;
- 5.7. Чемпионаттың барлық қатысушылары мен сарапшылары еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтауға міндетті (2-қосымша). Қатысушының қауіпсіздік нормалары мен ережелерін сақтамауы ұпайлардың азаюына әсер етеді. Қауіпсіздік нормаларын үнемі бұзу қатысушыны чемпионатқа қатысудан уақытша немесе тұрақты шеттетуге әкелуі мүмкін.

6. «РОБОТОТЕХНИКА» ҚҰЗЫРЕТІ БОЙЫНША «ABILYMPICS ASTANA -2025» ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

- 6.1. «Робототехника» құзыреті бойынша «Abilympics Astana -2025» қалалық чемпионаты жарыс басталардан бір ай бұрын ұсынылатын модульдер бойынша тапсырмаларды орындауды, сипаттама және бағалау критерийлерін қамтиды;
- 6.2. Егер байқауға қатысушы қауіпсіздік техникасының талаптарын орындамаса, өзіне немесе басқа қатысушыларға қауіп төндірсе, чемпионаттан шеттетілуі мүмкін;
- 6.3. Чемпионат сарапшылары тәжірибелі мамандар мен сала мамандары қатарынан және компатриот-сарапшылар қатарынан бекітіледі;
- 6.4. Қатысушы ережелерді бұзса, айыппұл балдарымен жазаланады;
- 6.5. Жұмысты орындау кезінде ұялы телефонды пайдалануға тыйым салынады.

7. «РОБОТОТЕХНИКА» ҚҰЗЫРЕТІ БОЙЫНША «ABILYMPICS ASTANA -2025» ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

- 7.1. Чемпионаттың қорытындысы сарапшылар хаттамасының негізінде анықталады;
- 7.2. Сарапшылар орындалатын байқау тапсырмаларының қорытынды көрсеткіштерін чемпионаттың ұйымдастыру комитеті бекіткен бағалау критерийлеріне сәйкес айқындайды;
- 7.3. Жиынтық хаттаманың шешімі бойынша «Робототехника» құзыреті бойынша қалалық чемпионаттың жеңімпаздары (1, 2 және 3-орын) анықталады;
- 7.4. Төмендегі номинациялар бойынша марапаттау қарастырылған:
бірінші орын – алтын жүлдегер;
екінші орын – күміс жүлдегер;
үшінші орын – қола жүлдегер.

Медаль немесе ерекше марапат алмаған кез-келген қатысушы «Робототехника» құзыреті бойынша «Abilympics Astana -2025» қалалық чемпионатына қатысқаны туралы сертификат алады

**«Робототехника» құзыреті бойынша чемпионатқа қатысу үшін өтінімдер
2025 жылғы 10 наурызға дейін мына үлгі бойынша қабылданады:**

**«Робототехника» құзыреті бойынша «Abilympics Astana -2025» қалалық
чемпионатына қатысушылар мен сарапшылардың тізімі**

Реттік №	Т.А.Ә., туған күні, айы, жылы	Ұйым, қатысушы	Жұмыс орны, лауазымы/ оқу орны	Электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі	Жетекші

**«Робототехника» құзыреті бойынша «Abilympics Astana -2025» қалалық
чемпионатына қатысушылардың жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік
техникасы бойынша нұсқама**

ХАТТАМАСЫ

Реттік №	Қатысушының/ сарапшының Т.А.Ә.	Нұсқама берілген қатысушының/ сарапшының қолы	Нұсқаушы техникалық сарапшының Т.А.Ә.	Нұсқаушының қолы